

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 262 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттаманың жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге хаттама жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше барлық мемлекеттер үшін Қоғамдастық аумағы бойынша азаматтардың жүріп-тұруына арналған бірыңғай құжаттардың тізбесін әзірлеу мақсатында,

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан

Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімнің 7-бабына сәйкес, төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

1-бап

Жеке басын куәландыратын және олардың иелерінің азаматтығын растайтын, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарына келуге, кетуге, транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда болуға құқық беретін құжаттарға осы Хаттамаға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген құжаттар жатады.

Осы Хаттаманың уақытша қолданылатын күнінен бастап осы Хаттамаға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшалар жоғарыда аталған Келісімнің 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларын алмастырады.

2-бап

Осы Хаттама, оған қол қойылғаннан кейін 30 күннен соң уақытша қолданыла бастайды және депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін осы Хаттамаға 1, 2, 3, 4 және 5-қосымшаларда санамаланған құжаттардың үлгілерімен дипломатиялық арналар арқылы кідіріссіз алмасатын болады.

200_ жылғы "___" _____ каласында әрқайсысы беларусь, казак, қырғыз, орыс және тәжік тілдерінде бір данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол оның куәландырылған көшірмесін осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттерге жібереді.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Тәжікстан
Үкіметі үшін

Республикасының

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь
Республикасының Үкіметі, Қазақстан

Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі, Ресей
Федерациясының Үкіметі және
Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы азаматтардың өзара визасыз
сапарлары туралы келісімге Хаттамаға
1-қосымша

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге,
транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда
болуға арналған Беларусь Республикасының
азаматтары құжаттарының
ТІЗБЕСІ**

1. Беларусь Республикасы азаматының паспорты.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің ұлттық жеке куәлігі (кеме журналында жазба немесе одан үзінді болған жағдайда).
5. Беларусь Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь
Республикасының Үкіметі, Қазақстан
Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі, Ресей
Федерациясының Үкіметі және
Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы азаматтардың өзара визасыз
сапарлары туралы келісімге Хаттамаға
2-қосымша

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге,
транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және
онда болуға арналған Қазақстан Республикасының
азаматтары құжаттарының
ТІЗБЕСІ**

1. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан үзінді болған жағдайда).
5. Қазақстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге Хаттамаға 3-қосымша

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге, транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда болуға арналған Қырғыз Республикасының азаматтары құжаттарының ТІЗБЕСІ

1. Қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін 1994 жылғы үлгідегі Қырғыз Республикасы азаматының (толтырылған шетелдік парағы болған жағдайда) паспорты және 2004 жылғы үлгідегі паспорт.
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан үзінді болған жағдайда).

5. Қырғыз Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге Хаттамаға

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге,
транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және
онда болуға арналған Ресей Федерациясының
азаматтары құжаттарының
ТІЗБЕСІ**

1. Шетелдік паспорт.*
2. Қызметтік паспорт.
3. Дипломаттық паспорт.
4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан
үзінді болған жағдайда).
5. Ресей Федерациясына қайта оралуға арналған куәлік.

* Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасында Одақтық мемлекет құру туралы шарттың 14-бабының 9-тармағын орындау үшін Ресей Федерациясы азаматтарының және Беларусь Республикасы азаматтарының бір-бірінің аумақтарына келуі, онда болуы және кетуі сонымен бірге ішкі паспорттар бойынша да жүзеге асырылады.

2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь
Республикасының Үкіметі, Қазақстан
Республикасының Үкіметі, Қырғыз
Республикасының Үкіметі, Ресей
Федерациясының Үкіметі және
Тәжікстан Республикасының Үкіметі
арасындағы азаматтардың өзара
сапарлары туралы келісімге Хаттамаға
визасыз

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше
мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге,
транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда
болуға арналған Тәжікстан Республикасының
азаматтары құжаттарының
ТІЗБЕСІ**

1. Ш е т е л д і к п а с п о р т .
2. Қ ы з м е т т і к п а с п о р т .
3. Д и п л о м а т т ы қ п а с п о р т .
4. Теңізшінің паспорты (кеме журналында жазба немесе одан үзінді болған жағдайда).
5. Тәжікстан Республикасына қайта оралуға арналған куәлік.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ